

*Түркістан облысы
Төлеби ауданы
«Бәйшешек» бөбекжайы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны*

04-05

**Педагогикалық кеңесінің
хаттамалары және олардың
құжаттары**

Тұрақты
16 тармақ (9)

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар
және олармен бірдей
электрондық құжаттар

Басталуы 2021-2022 оқу жылы

2021-2022

ОҚУ ЖЫЛЫ

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№1 хаттама

Өткізілген орны: "Бәйшешек" бөбекжайы

Өткізілген күні: 31.08. 2021 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 12 адам

Қатысқаны: 12 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жаз мезгіліндегі жұмыстардың қорытындысы.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарда 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 жылғы № 195 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстыру
3. 2021 -2022 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.
4. Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарды, өтпелі тақырыптарды, күн тәртібін, вариативтік компонентті және үлгілік оқу жоспарын бекіту.
5. Жаңа оқу жылына шектеу шаралары кезіндегі топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.
6. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру сапасын талдау.
Баяндама 15 минут. Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.
Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі Арсланова Альмира бөбекжайда жаз мезгілінде жасалған жұмыстардың қорытындысы туралы айтты. Бөбекжайдың ауласын, топтарды, асхананы, дәліздерді әктеу, сырлау жұмыстарының жүргізілгенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Акбота Есенгельдыевна сөйлеп, жаз мезгілінде күн тәртібі, ойын-сауық іс-шаралар жоспарлары бекітіліп, жүргізілді. Сақтық шараларын сақтап кезекші топтармен жоспарға сай ойын-сауықтар өтті. Жетістіктер, кемшіліктер сол уақытта айтылып, талданып отырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота Есенгельдыевна сөйлеп, ҚР мектепке дейінгі ұйымдарда 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі және ҚР Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы 12.05.2020 жылғы № 195 бұйрығымен таныстырып өтті..

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Шегенова Карлыгаш Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модельдің мақсаты мен міндеттері туралы сұрады

Сөйледі: әдіскер Бектемирова Акбота Есенгельдыевна ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидағтарын айқындау деп, және өткізілетін оқу қызметтері туралы сұрақтарға жауап берді.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы сөйлеп, бөбекжайдың 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оқу тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ашық оқу қызметтерінің, ертеңгіліктердің, баяндама, кеңестер тақырыптарымен таныстырып, айтып өтті. Биылғы оқу жылында сақтық шараларын сақтау бойынша кеңестер, оқу қызметтерін өткізуге әдістемелік көмек көрсетілетінін айтты. Педагогтар танысып болған соң, бірауыздан келісетіндерін білдірді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Акбота Есенгельдыевна сөйлеп, балабақшадағы топтардың жасына қарай оқу қызметінің кестесімен, перспективалық жоспармен, өтпелі тақырыптармен, күн тәртібімен және топтардың ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстырып, вариативтік компонентке «Ертегілер елінде», «Ойнайық та, ойлайық», «Орыс тілін үйренейік» оқу қызметтерін алсақ деген ұсыныс айтты. Ұсыныстарды педагогтар қолдап, бекітілсін деген пікір білдірді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Серикбаева Гульнара сөйлеп, өтпелі тақырыптарға бала жастарына қарай қандай тақырыпты таңдауға болатыныны туралы өз ойын айтып, ұсынды.

Ұсыныстарды педагогтар қолдап, бекітілсін деген пікір білдірді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша медбике Потапова Наталья сөйлеп, жаңа оқу жылына және шектеу шаралары кезіндегі топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысын айтты. Топтардың жұмысында санитарлық талаптар сақталу үшін әр топта жүргізілген дайындық жұмыстарының қандай дәрежеде орындалып тұрғаны туралы анықтама берді. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық ережелермен қызметкерлер түгел таныстырылып, сол талап бойынша дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептиктердің, жеке қолдану құралдарының толық болуы қамтамасыз етілді. Топтардың, асхананың, бөбекжай ғимаратының басқа жұмыс бөлмелерінде дайындық жұмыстары жақсы деңгейде екенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: шаруа меңгерушісі Арсланова Альмира сөйлеп, персоналға арналған санитарлық тораптарда қызметкерлердің қолын өндеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер, лас маскаларды жинауға арналған таңбаланған урналар орнатылды, кезекте қашықтықты қамтамасыз ету үшін кіре беріс алдында асфальтқа таңба салынды, арақашықтық қызыл белгімен ажыратып қойылды деп айтып өтті.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Акбота Есенгельдыевна сөйлеп, Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаның жинақталуы туралы сөйледі. Балалардың жан – жақты дамып, өсуіне дамытушы ортаның толық жабдықталуының маңызы зор екенін айта келе, бес білім беру саласының, ойын бұрыштарының, кітап бұрышы, ұлттық бұрышы, дамытушы ойыншықтар бұрыштарының толық емес екенін айтып, жаңалап толықтыруға ұсыныс айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Жаз мезгіліндегі жұмыстардың қорытындысы.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарда 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі және ҚР Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы 12.05.2020 жылғы № 195 бұйрықтарында, нұсқауларында көрсетілген талаптар орындалсын.
3. 2021 -2022 жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№2 хаттама

Өткізілген орны: «Бәйшешек» бөбекжайы

Өткізілген күні: 26.11.2021 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 11 адам

Қатысқаны: 11 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. «Денсаулық» білім беру саласы бұрышының жабдықталуы және таңертенгілік жаттығулар кешенінің, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы. Байқаудың қорытындысы
3. **Баяндама:** Баяндама: «Бала өміріндегі дидактикалық ойындар» тәрбиешілерге кеңес
4. «Дене шынықтыру және қауіпсіз мінез - құлық негіздері оқу қызметтерінің барысы»

Тақырыптық тексеру қорытындысы

Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйледі. 2021-2022 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспары, топ бойынша жылдық, тақырыптық жоспарлары, оқу қызмет кестелері бекітіліп, жүргізіліп жатқанын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, «Денсаулық» білім саласы бұрышының жабдықталуы тақырыбында бақылаудың нәтижесі туралы және таңертенгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы туралы сөйледі. Ортаңғы «Балбөбек», «Балапан», ересек «Звёздочка», мектепалды даярлық «Вишенка» топтарындағы «Денсаулық» білім беру саласы бұрышының жабдықталуы тексерілді. Барлық топта денсаулық бұрышы бар, обручтар, кеглилер, кедергілер, арқан, секіргіштер т.б. құралдар бар, дегенмен тағыда қосымша спорттық құралдар, доптар қажет екенін айтты. Таңертенгілік жаттығулар кестедегі күн тәртібі бойынша жасалынып жатыр.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиешісі Турдалиева Гульжан

«Бала өміріндегі дидактикалық ойындар» тақырыбында баяндама оқыды. Әрбір бала қуана өз қоршаған ортасын таныуға талпынатын кішкентай зерттеуші. Үлкендердің ата-ананың, тәрбиешінің міндетті сол талпынысты сақтап қалуға, баланың жан-жақты дамуына барынша жағдай жасау болып табылады. Ал баланың жан-жақты дамуына ойынның ықпалы зор. Бала ойынды не үшін жақсы көреді деген сұраққа ойланып көрдіңіз ба? Ойын балаға не береді? Ойын ол тәрбиенің пәрменді құралдарының бірі. Ойын әрекеті шынайы әрекет болмаса да, өмірге қалыптасып кетуіне жол жасайтын процес. Ойын бала үшін – айналаны танып білу тәсілі десек болады. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып өзіне ақпараттар алады.

Дидактикалық ойын – балалардың оқу әрекетін жандандырып, оқуға деген ынтасын арттыратын маңызды құрал. Дидактикалық ойындардың басқа ойындардан ерекшелігі ойын ережесі болады және ойнаушылар сол ережеге қатал бағынады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойын түрлері балабақша бүлдіршіндерін ақыл-ой белсенділігінің қалыптасуына маңызды құрал болып отыр.

Дидактикалық ойын – балаладың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады. Дидактикалық ойын баланың әрекетінің бірі. Дидактикалық ойындардың міндеті мен мазмұны балалардың танымдық әрекетін дамытуға бағытталғанын көрсетеді. Дидактикалық ойынның маңызы зор, себебі балалардың дербестігін, ойлау және сөйлеу белсендігін дамытады. Дидактикалық ойындарды құрумен өткізуде мына негіздерге сүйенсеңіздер:

1. Балалардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқытуды байланыстыру, қызықты жеңіл ойындардан, ойын тапсырмалар арқылы оқу тәрбие мәселесіне көшу.
2. Дидактикалық ойын шартымен міндетін күрделендіру, сол арқылы баланың ақыл-ой мен іс-әрекетінің күшеюі.
3. Тандалған ойындардың баланы ойнай білуге баулып, сөздік қорларының молайту бағытталғанын, деп тағы да қысқаша кеңес оқып, баяндамасын аяқтады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, «Дене шынықтыру» оқу қызметінің барысы туралы тақырыптық тексеру қорытындысы туралы сөйледі. «Дене шынықтыру» оқу қызметтері «мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес ортаңғы «Балапан», «Балбөбек» (3-жастан), ересек «Звездочка», (4-жастан) топтарында жас ерекшелігіне сай аптасына 3 рет жоспарланып өтілуде. Мектепалды даярлық «Вишенка» (5-жастан бастап) тобында «Дене шынықтыру» оқу қызметі -2,5 сағат, «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері»-0,5 сағат жүргізілуде. Оқу қызметтердің өтілу барысын бақылау кезінде кемшіліктері жойылып, талапқа сай өткізіліп жатыр.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімі «жақсы» деп бағалансын.

Педагогикалық кеңестің хаттамалары(ПК)

№3 хаттама

Өткізілген орны: "Бәйшешек" бөбекжайы

Өткізілген күні: 26.01.2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Қатысқаны: 10 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
 2. Баяндама «Баланың балабақшаға бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек» (тәрбиешілерге кеңес)
 3. Балалардың шығармашылық құзіреттілігін дамыту мақсатында «Қыс келбеті» сурет көрмесінің қорытындысы
 4. Балалардың жарты жылдық білімінің қорытындысы
- Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйледі. Дене шынықтыру оқу қызметіне қажетті құрал жабдықтардың толықтырылып жатқанын айтты.

Тыңдалды : күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна «Баланың балабақшаға бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек» тақырыбында баяндама оқыды. Баланың балабақшаға бейімделу кезінде балада болатын психоэмоциональды қысымның белгілері

1. Ұйқыға жатқысы келмеу
 2. Бұрын көрмеген, іс - әрекеттерден шаршау
 3. Себепсіз ренжігіштік, жылағыштық немесе ызақорлану
 4. Зейіні тұрақсыз, ұмытшақтық
 5. Алаңдаушылық
 6. Өзіне сенімсіздік
 7. Қырсықтық таныту
 8. Ұдайы саусақ сорғыштық
 9. Қарым - қатынасқа түсуден қорқу
 10. Бұрын байқалмаған, түскі және түнгі ұйқыда зәр шығару
- Жоғарыда аталғандардың бәрі баланың психоэмоционалды күйзелісте екенін көрсетеді, тек алдын осындай белгілер байқалмаған жағдайда ғана.

Балалардың өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру
Бейімделу кезеңінің негізгі міндетінің бірі – қалада өзі - өзіне сену сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін келесі іс - әрекеттерді орындау қажет:

1. Балаларды бір - бірімен таныстыру, бір - біріне жақындастыру;
2. Тәрбиеші мен баланың танысуы, баламен тәрбиеші арасында сенімділік орнату;
3. Топпен және балабақшамен танысу;
4. Балабақша қызметкерлерімен танысу;

Осының барлығы, яғни айналамен таныстыру ойын түрінде жүргізілуі тиіс деп тәрбиешілерге арналған ақыл - кеңестер, ұсыныстар айтып сөзін аяқтады

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиешісі Кенжебекова Эльмира сөйлеп, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, қыс бейнесін бейнелеп үйрену мақсатында өткізілген «Қыс келбеті» сурет көрмесінің қорытындысы туралы сөйледі. Балалар өз ой-қиялдарымен «Қыс келбеті» тақырыбында суреттер салды. Қыс мезгілінің кереметін қағаз бетіне түсірді. Балалардың жұмыстары көрмеге қойылып, топтар арасында орындар беріліп, мақтаулар жүргізілді. Балалардың сурет салуға деген қызығушылықтары артқанын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, бес білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін қамтамасыз ету, мониторинг нәтижесі туралы сөйледі. Балалардың білімі күнделікті оқу қызметтерінің өткізіліп отыруына және талапқа сай жүргізілуіне байланысты жақсы көрсеткіштер екенін айта келе қабілеті төмен балалармен жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. № 2 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. «Баланың балабақшаға бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек» атты баяндама айтылған мәселелер, кеңестер және ұсыныстар тәрбиелік шараларда қолданылсын.
3. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында «Қыс келбеті» тақырыбындағы сурет көрмесі жалғастырылсын.
4. Балалардың жарты жылдық ретіндегі қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, оқу тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы  А.Е.Тургунбекова
А.Е.Бектемирова



Педагогикалық кеңестің хаттамалары(ПК)

№4 хаттама

Өткізілген орны: "Бәйшешек" бөбекжайы

Өткізілген күні: 30.03.2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Қатысқаны: 10 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. **Дөңгелек үстел.** "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын оқып үйрену"
- 3.«Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары»
- 4".Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы туралы
- 5.Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып,күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

Өткен №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы айтып өтті.

Сөйледі : Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, «Үлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену» тақырыбында бір – бірімізбен пікір алмасып, дөңгелек үстел өткізілетінін айтты.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) негізінде оқу қызметтер кестесі,күн тәртібі, вариативтік компоненттер бекітіліп,сол бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын айтып,педагогтармен пікір алмасты.

(Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы бойынша 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу жоспары негізінде ортаңғы «Балапан» және «Балбөбек» топтарында (3 жастан бастап) жылдық оқу жүктемесі 432 сағат, , ересек Звездочка» тобында (4 жастан бастап) жылдық оқу жүктемесі 504 сағат,Мектепалды даярлық «Вишенка» тобында (5 жастан бастап) жылдық оқу жүктемесі 720 сағатты құрайтынын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: ортаңғы топтың тәрбиешілері өздері тәрбиешілік қызмет атқаратын ортаңғы топ бүлдіршіндерінің жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын меңгерулері қажет екенін айтып берді.

Ересек тобының тәрбиешілері сөйлеп, өздері оқу қызметтерін өткізетін балалармен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жас ерекшеліктеріне қарай қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлы ерекшеліктерін атап өтіп, үлгілік оқу бағдарламасы бойынша нені меңгерту керек екені жайлы айтты.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері мектепалды даярлық тобының үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері жайлы сөйледі.

Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша бүлдіршіндерге нені меңгерту керек екендіктері жайлы мәлімет алып, оқып үйренді.

Сөйледі : Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Кенжебекова Эльмира «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» тақырыбында баяндама оқыды.

Балаларға білім беруде , адамгершіліктің ең құнды қасиеттерін бойына сіңіріп тәрбиелеуде, білім мекемелерінен, ұстаздардан, әрине ата-аналардан шығармашылық себептерді талап етеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасы балалардың жан-жақты дамуын, олардың мектепке деген дайындығын қарастырады. Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу-отбасы мен балабақша қызметкерлерінің бірден-бір парызы. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда халық педагогикасының маңызы зор. Еліміздің ертеңі-бүгінгі бүлдіршінді тәрбиелеу-ең негізгі мәселелердің бірі. Оны шешудің басты бір тармағы-эстетикалық тәрбиенің дұрыс қолға алынуы .

Эстетикалық тәрбиеде ерекше роль бейнелеу өнерінің еншісіне тиеді.

Бейнелеу өнері тәрбие құралы ретінде баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуына тікелей әсерін тигізеді. Бейнелеу іс-әрекеті кезінде баланың ақыл ойы жетіледі, адамгершілік қасиеттері, жағымды мінез-құлқы ерекшеліктері қалыптасады , көтеріңкі көңіл-күй пайда болады. Олар болмысқа эстетикалық көзқарастарды қалыптастыратын сезімдерге біртіндеп ауысып, күнделікті өмірден, әсемдік пен сұлулықты қабылдау арқылы көркем өнердің алғашқы дағдыларына жаттықтырады. «Тәй-тәй» бағдарламасының авторлары: «Балалар арасындағы ортада өзара байланыс бар, егер олардың оқу барысын ішінара тартса, сана-сезімі, ойлау қабілеті одан әрі дамиды», - деген қорытындыға келіп, тәрбиенің жаңа үлгісін құрастырды. Мұқият ойластырылған білім беру ортасын балалардың әлемді зерттеуіне, ынтасын көрсетіп, шығармашылық өнерлерін көрсетулеріне жағдай туғызады.

Балалардың саусақпен, губкамен сурет салып, жұмыс істеуі саусақ моторикасының дамуы және тілінің дұрыс қызмет атқаруына әсер етеді.

Баланың жан-дүниесі рухани жағынан нәр алып, оның айналадағы ортаны тану мүмкіндігі арта түседі. Алғашында бейнелеу өнерінің түрлері туралы түсініктер беріледі. Сурет салуға бейімдеу арқылы мүсіндеу, жапсыру

аркылы сәндік қолданбалы өнерге, құрастыру сабағы арқылы сәулет өнерінің қыр-сыры жайында алғашқы түсінік беріледі дей келе өз баяндамасын аяқтады.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы туралы бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Ақбота сөйледі. Ұйымдастырылған оқу қызметтері мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті оқу қызметтерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Егерде тәрбиешілердің оқу қызметтеріне дайындығы төмен, көрнекіліктері дайын болмай қалған жағдайлар кездессе, тәрбиешілерге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады деп, оқу қызметтерінің өткізілу барысы туралы айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша меңгеруші Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы сөйлеп, дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы туралы айтты. Дидактикалық ойындар жиынтығының картотекасын әр топ тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне сай дайындағанын және қолданылатын құрал – жабдықтары папкаларға салынып ұқыптылықпен дайындалғанын айтты. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жүргілетін оқу- тәрбие жұмыстарында ойын әдісінің маңыздылығын айта келе, картотекаларға оң баға берді. Кейбір ойын құралдарының толық еместігіне толықтыруға ұсыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, көрмеге қойылған дидактикалық ойындарға жақсы деген баға беріп, әлі де толықтыруды және жаңаша ойындар қосу керек екенін айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. 2020 жылғы 24- қыркүйектегі № 412 бұйрықпен бекітілген «Үлгілік оқу бағдарламасын» оқып үйрену жалғастырылсын.
3. «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» атты баяндамада айтылған кеңестер оқу қызметтерінде қолданылсын.
- 4". Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы «жақсы» деп бағалансын.
5. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрағасы А.Е. Тургунбекова

Хатшы А.Е. Бектемирова



Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№5 хаттама

Өткізілген орны: "Бәйшешек" бөбекжайы

Өткізілген күні: 31.05.2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Қатысқаны: 10 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. 2021- 2022 оқу жылының қорытындысы
3. Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі қузіреттілігін қамтамасыз ету, мониторинг қорытындысы
4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын талдау, бекіту

Сөйледі: педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

Өткен №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйледі. Бөбекжайда оқыту және тәрбиелеу жұмыстары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Тыңдалды : күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Ақбота сөйлеп, 2021-2022 оқу жылында жүргізілген оқу тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы айтты. Оқу жылында педагог кадрлармен, балалармен жүргізілген жұмыстар жылдық жұмыс жоспары бойынша толық өткізілді. Оқу жылына алынған мақсаттар мен міндеттер бойынша педагогтар :баяндамалар, кеңестер оқып, тренингтер жүргізіп, ашық оқу қызметтерін, қорытынды оқу қызметтерін, ертеңгіліктер, ойын-сауықтар өткізіп жоспарға сай жұмыстар жүргізгенін айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы сөйлеп, биылғы 2021-2022 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға беріп, педагогтарға шығармашылық ізденіс пен табыс тіледі.

Сөйледі : күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Ақбота сөйлеп, бес білім беру саласы бойынша балалардың қузіреттілігін қамтамасыз ету, қорытынды мониторинг нәтижесі туралы сөйледі.

Балалардың білімі күнделікті оқу қызметтерінің өткізіліп отыруына және талапқа сай жүргізілуіне байланысты жақсы көрсеткіштер көрсеткенін айта келе қабілеті төмен балалармен жеке жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Сөйледі : күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, жаз мезгілінің күн тәртібімен, оқу қызметтер кестесі және ойын-сауық жоспарымен таныстырды. Педагогтар жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларының жоспарымен танысып, өз ойларымен бөлісті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. 2020- 2021 оқу жылында жүргізілген жұмыстар «жақсы» деп бағаланып, келесі жаңа оқу жылының міндеттері қорытынды бойынша алынсын.
3. Бес білім беру саласы бойынша балалардың білімінің қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, оқу тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.
4. Жазғы мезгілінің күн тәртібі, оқу қызметтерінің кестесі, ойын-сауықтары жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы



Хатшы:

[Signature] А.Е.Тургунбекова

[Signature] А.Е.Бектемирова